

**Бурабай аудандық мәслихатының 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 7С-33/3 "2023-2025 жылдарға арналған Бурабай ауданы Абылайхан ауылдық округінің бюджеті туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

Ақмола облысы Бурабай аудандық мәслихатының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 7С-34/4 шешімі

Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Бурабай аудандық мәслихатының "2023-2025 жылдарға арналған Бурабай ауданы Абылайхан ауылдық округінің бюджеті туралы" 2022 жылғы 27 желтоқсандағы № 7С-33/3 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 177104 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 9-1-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-7-тармағына сәйкес, Бурабай аудандық мәслихаты ШЕШТІ:";

1-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Бурабай ауданы Абылайхан ауылдық округінің бюджеті 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 189126,0 мың теңге, соның ішінде:

салықтық түсімдер – 8334,0 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 20,0 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 100,0 мың теңге;

трансферттердің түсімдері – 180672,0 мың теңге;

2) шығындар – 191329,6 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 0,0 мың теңге, соның ішінде:

бюджеттік кредиттер – 0,0 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 0,0 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0,0 мың теңге, соның ішінде:

қаржы активтерін сатып алу – 0,0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсімдер – 0,0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – -2203,6 мың теңге;

6) бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 2203,6 мың теңге.";

Бурабай аудандық мәслихатының көрсетілген шешімінің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихатының төрағасы

М.Нұрпанова

Бурабай аудандық  
мәслихатының  
2023 жылғы 16 қаңтардағы  
№ 7С-34/4 шешіміне  
қосымша  
Бурабай аудандық  
мәслихатының  
2022 жылғы 27 желтоқсандағы  
№ 7С-33/3 шешіміне  
1-қосымша

## 2023 жылға арналған Абылайхан ауылдық округінің бюджеті

Санаты		Сыныбы		Сомы, мың теңге
		Кіші сыныбы		
			Атауы	
1	2	3	4	5
			I. Кірістер	186126,0
1			Салықтық түсімдер	8334,0
	01		Табыс салығы	1335,0
		2	Жеке табыс салығы	1335,0
	04		Меншікке салынатын салықтар	6999,0
		1	Мүлікке салынатын салықтар	866,0
		3	Жер салығы	245,0
		4	Көлік құралдарына салынатын салық	5705,0
		5	Біріңғай жер салығы	183,0
2			Салықтық емес түсімдер	20,0
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан)	20,0

			ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
		1	Мұнай секторы ұйымынан және жәбірленушілердің өтемақы қорына түсуін қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	20,0
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	100,0
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	100,0
		2	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	100,0
4			Трансферттердің түсімдері	180672,0
			Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған	

	02		органдарынан түсетін трансферттер	180672,0
		3	Аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджеттен түсетін трансферттер	180672,0

Функционалдық топ				сома, мың теңге
Бюджеттік бағдарлама әкімшісі				
Бағдарлама			Атауы	
1	2	3	4	5
			II. Шығындар	191329,6
1			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	28135,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	28135,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	28135,0
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	2397,6
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2397,6
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1296,0
		009	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	1101,6
12			Көлік және коммуникация	160797,0
	124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	1796,0

		013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	1796,0
		045	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу	159001,0
			III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
			Бюджеттік кредиттер	0,0
			Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
			IV. Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
			Қаржы активтерін сатып алу	0,0
			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
			V. Бюджет тапшылығы (профициті)	( -2203,6
			VI. Бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 2203,6